

**8D013 - Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау «6D010200 –
Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Ризаева Луиза
Абдуллаевнаның «Бастауыш сынып математикасын оқытуда есептерді
шығару арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ**

№	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
	<p>Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы</p>	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p>	<p>Қазіргі заманда жалпы білім беретін мектептің алдына жан-жақты дамыған, шығармашылық тұрғыда зерттеумен айналысатын жеке тұлғаны қалыптастыру қажеттігі туындап отыр. Ал оны жүзеге асыру бастауыш білім беру пәндері аясында іздену, зерттеу, логикалық ойлай білуді меңгеру деңгейіне байланысты болады. Бұл зерттеу жұмысының ғылыми проблемасына сай Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасында еліміздегі ғылым саласын дамыту және білім алушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына тарту мәселесі бойынша бірқатар ұсыныстар қарастырылған.</p> <p>Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңында: «ғылыми-зерттеу жұмысы – бар білімді кеңейту және жаңа білім алу, ғылыми гипотезаларды тексеру, табиғат пен қоғам дамуының заңдылықтарын анықтау, жобаларды ғылыми жинақтау, ғылыми негіздеу мақсатында ғылыми ізденіспен, зерттеулер, эксперименттер жүргізумен байланысты жұмыс» екендігі атап көрсетілген. Мұндағы көрсетілген бап бойынша бастауыш сынып оқушыларының математика сабақтарында зерттеу дағдыларын қалыптастыру мәселесін жүзеге асыруға бағыттайды. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Орталық Азия-Қытай» екінші саммитінде келесі жылды «Білім беру және ғылыми зерттеулер жылы» деп жариялауы</p>

		<p>болашақта бастауыш сынып оқушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарына ерекше мән беріліп, олардың зерттеу дағдыларын қалыптастырудың қажеттігін көрсетеді. Осыған орай, бастауыш сынып оқушыларының тек білімді игеріп қана қоймай, сонымен қатар зерттеу жұмыстарымен айналысу, зерттеудің мақсаттарын өз бетінше қою, оларды іске асыру тәсілдері мен жолдарын жобалау, өз жетістіктерін бақылау мен бағалау дағдыларын дамыту, әсіресе зерттеу дағдыларын қалыптастыру мәселесіне тарту қажеттілігін арттырады.</p> <p>Л.А. Ризаеваның диссертациялық жұмысы өзекті болумен қатар білім мен ғылымды дамытудағы тұжырымдамалармен және мемлекеттік бағдарламалармен тығыз байланысты жұмыс болып табылады.</p>
	<p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>Л.А. Ризаеваның диссертациялық зерттеуі Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына толық сәйкес келеді.</p> <p>Диссертациялық жұмыс 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау (6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша ұсынылған.</p>

2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Л.А. Ризаеваның «Бастауыш сынып математикасын оқытуда есептерді шығару арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы <i>ғылымға елеулі үлесін қосады.</i></p> <p>Докторанттың зерттеу жұмысының ғылыми маңыздылығы келесідей:</p> <p>1. Есептерді шығару арқылы бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындауында қол жеткен ғылыми нәтижелері, яғни философиялық, психологиялық, педагогикалық аспектілерінде теориялық тұжырымдаулары мен әдіснамалық негіздеулері, негізгі басшылыққа алынатын ұғым мен түсініктерге берген нақтылаулары <i>ғылымға елеулі үлесін қосады</i> және осы орайда <i>маңыздылығы ашылған;</i></p> <p>2. Бастауыш сынып оқушыларының оқу-танымдық зерттеу есептерін шешудегі білімі мен білігін, оқу-танымдық зерттеу есептері мен тапсырмаларды шешуде ойлау және пайымдау білігін, зерттеу дағдысын қалыптастыруға бағытталған есептерді шығара алу дағдысын дамытуға бағытталған психологиялық-педагогикалық негіздерінің анықталуымен <i>маңыздылығы ашылған</i> және <i>ғылымға елеулі үлесін қосады;</i></p> <p>3. Бастауыш сынып математикасын оқытуда есептерді шығару арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастырудың мотивациялық, мазмұндық, рефлексиялық компоненттеріне сәйкес реттелген өлшемдері мен көрсеткіштерінің байланысынан тұратын құрылымдық-мазмұндық моделінің жасалуы <i>ғылымға елеулі үлесін қосады</i> және <i>маңыздылығы ашылған;</i></p> <p>4. Диссертация барысында бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Бастауыш сыныпта зерттеу дағдыларын математика пәнінде қалыптастыру» атты</p>
----	------------------------	---	---

			ғылыми-әдістемелік семинарының бағдарламасы мен бастауыш сынып оқушыларына арналған «Жас зерттеушілер зертханасы» атты факультативтік курс бағдарламасы, «Математика пәнінде оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыруға арналған есептер мен тапсырмалар жинағы» әзірленіп, оның тиімділігін тәжірибеде тексеру, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беруі <i>ғылымға елеулі үлесін қосады және маңыздылығы ашылған.</i>
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертанттың зерттеу жұмысын өзі жазу деңгейі жоғары , себебі зерттеу проблемасына қатысты шетелдік және отандық ғылыми әдебиеттер мен зерттеуші ғалымдардың іргелі еңбектеріндегі түйінді ойларына, пікірлері мен пайымдауларына өзіндік талдауларын береді. Әдіснамалық негіздерін бірнеше тұғырлар, әрбір әдіснамалық тұғырдың іске асырылу қызметтерін сипаттайды. Сонымен қатар, диссертация бойынша негізгі ұғымдар мен түсініктердің мазмұнын нақтылауы, құрылымдық-мазмұндық модель түзілуі, әдістемесінің дайындалып, іске асырылу мазмұнын көрсетуі, оның тиімділігін жүргізілген тәжірибелік-экспериментте дәлелдеуі, ғылыми болжамның дұрыстығын қорытындылауы бойынша автордың диссертациялық жұмыста <i>өзі жазу принципі</i> сақталып, өзі жазу деңгейінің <i>жоғары</i> екендігін білдіреді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Ризаева Луиза Абдуллаевнаның зерттеу жұмысының өзектілігі <i>негізделген</i> . Диссертацияның өзектілігін негіздеуде талдау біріншіден, қоғамның сұранысынан туындап отырған бастауыш сынып математикасын оқытуда есептерді шығару арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастырудың қажеттілігі мен оның зерттелу деңгейінің жеткілікті деңгейде жүйеленбеуімен айқындалады; екіншіден, бастауыш сынып математикасын оқытуда есептерді шығару арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастырудың

		<p>маңыздылығы мен оны жүзеге асырудың арнайы әдістемесінің жасалмағандығы арасындағы қарама-қайшылықтардың шешімін табуда диссертацияның ғылыми және қолданбалы тұстарында өзектілігі негізделген.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.</p>	<p>Ризаева Луиза Абдуллаевнаның «Бастауыш сынып математикасын оқытуда есептерді шығару арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру» атты диссертациясының 3 бөлім бойынша мазмұны оның тақырыбын толық айқындайды.</p> <p>Ішкі бірлік принципінде «Бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері» деп берілетін 1-бөлімде жалпы зерттеу мәселесі философиялық, психологиялық және педагогикалық тұрғыда талданады. «зерттеу дағдысы» ұғымы мен «есептерді шығару арқылы бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптастыру» түсінігінің мазмұны айқындалып, нақтыланады. 2-бөліміндегі диссертацияның мазмұнында тақырыпқа қатысты әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдар анықталып, бастауыш сынып математикасын оқытуда есептерді шығару арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық модель ұсынылады.</p> <p>«Бастауыш сынып математикасын оқытуда есептерді шығару арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастырудағы тәжірибелік-эксперимент жұмыстары» деп берілетін 3-бөлімде 3-сынып оқушыларымен жүргізілген эксперимент жұмыстары талданады. Мұғалімдерге арналған ғылыми-әдістемелік семинар бағдарламасы, оқушыларға арналған факультативтік курстың бағдарламасы, соның негізінде іріктелген есептер мен тапсырмалар жинағы, жоба жұмысының тақырыптарынан тұратын әдістемесінің әзірленуі, әдістеменің тиімділігін тексеруге арналған бақылау</p>

			<p>экспериментінің нәтижелері талданады. Қорытындыда диссертацияның мазмұны бойынша ғылыми нәтижелердің тұжырымдалуы мен ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беріледі.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Зерттеу жұмысында қойылған мақсат пен міндеттер диссертация тақырыбына сәйкес келеді, мақсат-міндеттердің орындалуы зерттеу барысында алынған нәтижелердің негізділігі мен сенімділігін растайды.</p> <p>Диссертант зерттеудің мақсатын: бастауыш сынып математикасын оқытуда есептерді шығару арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыруды теориялық-әдіснамалық тұрғыда негіздеу, әдістемелік жүйесін жасау және оның тиімділігін педагогикалық эксперимент арқылы тексеру деп тұжырымдап, осы мақсатқа сай бірнеше зерттеу міндеттерін айқындаған.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты және алдын ала белгіленген міндеттеріне сәйкес зерттеудің барлық кезеңдерінде шешімін тауып, ғылыми нәтижелер береді.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық тұрғыда ортақ біртұтастық пен баяндау логикасы бар, алынған нәтижелер автордың қорытындыларымен бірге диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес келеді. Ғылыми нәтижелер ішкі бірлікпен сипатталады. Ғылыми аппаратқа сәйкес мазмұны құрылымдалған бөлімдер теориялық және эмпирикалық сипатта толық байланысады. Бөлімдердегі теориялық-әдіснамалық негізделген мәліметтер, модельдің талданып графикалануы мен диагностикалық жұмыстардың барысын анықтаушы экспериментте ұйымдастыру және қалыптастырушы экспериментте әдістемені жүзеге асыру мазмұны, бақылау эксперименттерінде экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі нәтижелерінің салыстырмалы көрсеткіштерінің берілуі құрылысы жағынан <i>толық байланысқан</i>.</p>

		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жок.</p>	<p>Бастауыш сынып математикасын оқытуда есептер шығару арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін жан-жақты талдауда, педагогикалық-психологиялық зерттеу жайының талдануы, құрылымдық-мазмұндық болмысын модельдеудегі әрбір компонентке өлшемдер мен көрсеткіштердің дұрыс қамтылуы, тәжірибелік-эксперименттің жұмыстардың нәтижелерін сандық, сапалық тұрғыда талдауда сыни талдау бар. Диссертацияда алынған ғылыми жаңа нәтижелер бұрыннан белгілі ғылыми шешімдермен салыстырылып, бағаланған. Алынған нәтижелер зерттеудің мақсат-міндеттері мен болжамына сәйкес өзара үйлесімді зерттеу әдістерін қолдану арқылы негізделген.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Докторант Л.А. Ризаеваның диссертациялық зерттеуінде ұсынылған ғылыми нәтижелер мен қағидаттар <i>толығымен жаңа</i> болып табылады.</p> <p><i>Бірінші ғылыми нәтиже – толығымен жаңа.</i> Бастауыш сынып математикасын оқытуда есептерді шығару арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалған.</p> <p><i>Екінші нәтиже – толық жаңа.</i> зерттеу мәселесінің негізгі «зерттеу дағдысы» ұғымы мен «бастауыш сынып математикасын оқытуда есептерді шығару арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру» түсінігінің мәні анықталып, тақтыланған.</p> <p><i>Үшінші нәтиже – толығымен жаңа.</i> Бастауыш сынып математикасын оқытуда есептерді шығару арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған.</p> <p><i>Төртінші нәтиже – толығымен жаңа.</i> Бастауыш сынып математикасын оқытуда есептерді шығару арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастырудың әдістемелік жүйесі жасалып, оның тиімділігі тәжірибеде</p>

	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>тексеріліп, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілген.</p> <p>Л.А.Ризаеваның диссертациялық жұмысының қорытындылары ғылыми-теориялық негізде дәлелденуімен, зерттеудің ғылыми аппаратына мазмұнының сәйкестігімен, зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдердің тиімділігімен, эксперимент жұмысының жүйелі жоспарлануымен, сандық және сапалық көрсеткіштердің дәлелденуінде толығымен жаңа болып саналады. Диссертацияның қорытындылары келесідей: <i>Бірінші қорытынды:</i> бастауыш сынып математикасын оқытуда есептерді шығару арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері ғылыми тұрғыда айқындалған. Бұл қорытынды зерттеу саласында бұрын-соңды жан-жақты қарастырылмаған <i>жаңа ғылыми тұжырым</i> болып табылады.</p> <p><i>Екінші қорытынды:</i> «Зерттеу дағдысы» ұғымы мен «бастауыш сынып математикасын оқытуда есептерді шығару арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру» түсінігінің мәні айқындалып, нақтыланған.</p> <p><i>Үшінші қорытынды:</i> бастауыш сынып математикасын оқытуда есептерді шығару арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары мен оларды қолданудағы қағидалары айқындалуында толығымен жаңа болып табылады. Бұл қорытынды <i>толығымен жаңа</i> болып табылады.</p> <p>Төртінші қорытынды: бастауыш сынып математикасын оқытуда есептерді шығару арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделінің жасақталуы өзара динамикалық байланыстағы компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері мен даму деңгейлері сәйкестендірілуінде толығымен жаңа болып саналады. <i>Бесінші қорытындыда,</i> бастауыш сынып математикасын</p>
--	---	---

			оқытуда есептерді шығару арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастырудың әдістемесі жасалып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жұмысы арқылы дәлелденген. Зерттеу барысында бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Бастауыш сыныпта зерттеу дағдыларын математика пәнінде қалыптастыру» атты ғылыми-әдістемелік семинарының бағдарламасы, бастауыш сынып оқушыларына арналған «Жас зерттеушілер зертханасы» атты факультативтік курс бағдарламасы, «Математика пәнінде зерттеу дағдыларын қалыптастыруға арналған есептер мен тапсырмалар жинағы» дайындалып, математикадан жоба жұмысының тақырыптарының ұсынылып, оның тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарда тиімділігінің дәлелденуі толығымен жаңа болып саналады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыс барысында жүргізілген зерттеу негізінде жасалған диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Ол зерттеу жұмысы барысындағы тұжырымдар, ендіру актісі және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелер мен, ғылыми жарияланымдар бойынша расталынады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (квалитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Зерттеудің барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелермен негізделген және математикалық-статистикалық талдаулар арқылы нақтылығы расталған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді ;	Бірінші қағида бойынша: 7.1 Бұл қағидада бастауыш сынып математикасын оқытуда есептер шығару арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастырудың теориялық

	<p>2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) иә; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>маңыздылығы ашылып, әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдардың түзілуімен дәлелденген.</p> <p>7.2 Тривиалды емес.</p> <p>7.3 Нәтиже жаңа болып табылады.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5 Ия. Келесі мақалада дәлелденген. Formation of research skills of students through solving problems in teaching mathematics in primary classes. Cypriot Journal of Educational Sciences, 17(8), 2567–2579. https://doi.org/10.18844/cjes.v17i8.7824</p> <p>Екінші қағида бойынша:</p> <p>7.1 Бұл қағидада зерттеу жұмысының негізгі ұғымы мен түсінігі талданып, нақтылануымен дәлелденген.</p> <p>7.2 Тривиалды емес.</p> <p>7.3 Нәтиже жаңа болып табылады.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5 Ия. «Есеп шығару барысында бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптастыру мүмкіндіктері» «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ» халықаралық ғылыми журналы. – Алматы, 2020. - №12/3 (149). –Б. 160-163. ISSN 2073-333X мақаласында дәлелденген.</p> <p>Үшінші қағида бойынша:</p> <p>7.1 Мұнда бастауыш сынып математикасын оқытуда есептер шығару арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастырудың мотивациялық, мазмұндық, рефлексиялық компоненттерінің жиынтығын құрайтын, осыған сәйкес реттелетін өлшемдер мен көрсеткіштердің және деңгейлерінің анықталуымен жасалған құрылымдық-мазмұндық модельдің жасалу қағидасы дәлелденген.</p> <p>7.2 Тривиалды емес.</p> <p>7.3 Нәтиже жаңа болып табылады.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5 Ия. «Бастауыш сынып оқушыларында зерттеу дағдыларын қалыптастыру құралдары». «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ» халықаралық</p>
--	---	---

			<p>ғылыми журналы. – Алматы, 2020. - №12/3 (149). –Б. 164-168. ISSN 2073-333X мақаласында дәлелденген.</p> <p>Төртінші қағида бойынша:</p> <p>7.1 бастауыш сынып математикасын оқытуда есептер шығару арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастырудың әдістемелік жолдары көрсетіліп, тәжірибеде тексеру қағидаты дәлелденген.</p> <p>7.2 Тривиалды емес.</p> <p>7.3 Нәтиже жаңа болып табылады.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5 Ия. Келесі мақалада дәлелденген. Formation of research skills of students through solving problems in teaching mathematics in primary classes. Cypriot Journal of Educational Sciences, 17(8), 2567–2579. https://doi.org/10.18844/cjes.v17i8.7824</p>
8.	<p>Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) иә; 2) жоқ.</p>	<p>Докторант Л.А. Ризаеваның зерттеу барысында басшылыққа алынған әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдардың (жүйелілік, жеке тұлғаға бағдарланған, іс-әрекеттік, орта тұғырлары мен өмірмен, практикамен байланыстылығы, жүйелілік, ғылымилық, проблемалық, субъективтілік ұстанымдары) жиынтығы ретінде әдіснама нақты жазылған. Нақтыланған әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдар әдістеменің тиімділігіне өз әсерін береді.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>Диссертация жұмысын жазуда SmartArt технологиясын графикалау, суреттеу, гистограммаларды сызуда қолданған ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып, алынған. Зерттеу нәтижелері өңделіп, компьютерлік технологияның көмегімен диаграммалар құрылған.</p>

		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>Барлық қорытындылар, анықталған өзара байланыстар әдістемелік моделі мен тәжірибелік-эксперимент арқылы дәлелденген және негізделген.</p> <p>Л.А.Ризаеваның «Бастауыш сынып математикасын оқытуда есептер шығару арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуінде ұсынылған барлық теориялық қорытындылар, модельдер мен анықталған заңдылықтар тәжірибелік-эксперименттік зерттеулер арқылы жан-жақты дәлелденген және расталған.</p> <p>Ия. Тәжірибелік-эксперимент жұмыс нәтижелері оң динамиканы көрсетеді. Зерттеуде ұсынылған теориялық тұжырымдар Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты «№39 М.Жұмабаев атындағы жалпы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі және Түркістан қаласы білім басқармасына қарасты «Е.Изатуллаев атындағы жалпы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бастауыш сыныптарында жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік зерттеулер нәтижесінде дәлелденген. Экспериментке қатысқан 3-сынып оқушылар саны – 126, оның ішінде эксперименттік топта – 64, бақылау тобында – 62 оқушы.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Диссертант ғылыми зерттеу жұмысында өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасай отырып, мәнді мәлімдемелерді растайды. Диссертацияда отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге сілтеме берілген.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.</p>	<p>Докторант зерттеу жұмысы барысында 181 дереккөздерге сілтемелер берген. Тақырып бойынша осы әдебиеттерді зерделей келе, докторант алдына қойған мәселені шешуде жан-жақты әдеби шолуға жеткілікті деп санаймын.</p>
9	Практикалық құндылық қағидаты	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p>1) бар; 2) жоқ.</p>	<p>Иә, диссертацияны теориялық тұрғыдан маңызды зерттеу жұмысы деп айтуға негіз бар. Атап айтсақ: - зерттеу мәселесіне қатысты</p>


		<p>философиялық, психологиялық, педагогикалық еңбектер талданып, бастауыш сынып математикасын оқытуда есептерді шығару арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру теориялық-әдіснамалық тұрғыда негізделген;</p> <p>-«Зерттеу дағдысы» мәні айқындалып, «есептерді шығару арқылы бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптастыру» түсінігінің мазмұны нақтыланған.</p> <p>- бастауыш сынып математикасын оқытуда есептерді шығару арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған.</p> <p>Диссертациялық зерттеудің теориялық маңызы бар. Нақты айтқанда:</p> <p>- Бастауыш сынып математикасын оқытуда есептерді шығару арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру әдістемесі тәжірибелік-эксперимент жұмысы барысында тексеріліп, тиімділігі дәлелденген.</p>
	<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелері практикада қолдану мүмкіндігі жоғары.</p> <p>Зерттеу нәтижелері орта білім беретін мектептердің бастауыш деңгейіндегі математика сабақтарында, сондай-ақ болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау барысында қолдануға толық негіз бар. Атап айтсақ:</p> <p>-«Бастауыш сыныпта зерттеу дағдыларын математика пәнінде қалыптастыру» атты мұғалімдерге арналған ғылыми-әдістемелік семинар бағдарламасы дайындалып, оқу тәжірибесіне енгізілген;</p> <p>-«Жас зерттеушілер зертханасы» бастауыш сынып оқушыларына арналған факультативтік курс бағдарламасы әзірленіп оқу үдерісіне ендірілген;</p> <p>- «Математика пәнінде зерттеу дағдыларын қалыптастыруға арналған есептер мен тапсырмалар жинағы» әзірленіп, жоба жұмысының тақырыптары</p>

			ұсынылған; - ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілген.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Зерттеу жұмысы аясында практикалық ұсыныстар толығымен жаңа және диссертациялық зерттеуде қол жеткізілген нәтижелер мен олардың негізінде жасалған нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды білім берудің кез-келген бағытында назарға алуға және пайдалануға болады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары болып табылады. Ғылыми баяндау стилі толығымен қамтамасыз етілген. Диссертация ғылыми қызығушылық тудырады, нақты материалдарға бай сауатты жазылған жұмыс болып табылады. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті түрде ұсынылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияда кейбір сөйлемдерді стилистикалық жағынан жөндеу керек. Алайда аталған ұсыныс диссертацияның құндылығын төмендетпейді және ол кеңес ретінде ұсынылады.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы		Докторант Л.А. Ризаеваның диссертация аясында жүргізілген зерттеулерінің негізгі нәтижелері талапқа сәйкес тиісті ғылыми журналдар мен басылымдарда жарияланған. Мақалаларының мазмұны диссертация тақырыбынан ауытқымайды.

	бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	«Бастауыш сынып математикасын оқытуда есептерді шығару арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы үшін Ризаева Луиза Абдуллаевнаның 8D013 - Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау (6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент:

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Бастауыш білім беру кафедрасының
аға оқытушысы, PhD доктор



Handwritten signature

РАСТАЙМЫН: «Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ
КАДР СЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ
ЗАВЕРЯЮ: РУКОВОДИТЕЛЯ
УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ
ҚОЛЫ: Астамбаева Ж.К.
ПОДПИСЬ _____